

КЕЛІСІЛДІ

**Директордың оқу жұмысы
жөніндегі орынбасары**

 **А.Б.Муратова**
«30» 06 2026 ж.

Бекітемін

**Жүсіпбек Елебеков атындағы
республикалық эстрада-цирк**

 **Ж.Сейдуллаұлы**
«30» 06 2026 ж.



**Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің
педагогикалық кеңесінің отырысында қаралды және мақұлданды**

№4 хаттама

«30» маусым 2026 ж.

**2026-2027 оқу жылына шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде
02150100 «Аспаптық орындау» (аспап түрлері бойынша) мамандығы,
4S02150103 «Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер),
балалар музыка мектебінің оқытушысы» біліктілігі бойынша емтиханды
бағалау критерийлері**

ӨЗІРЛЕНДІ

«Халық әні және аспаптар» ПЦК

Хаттама №12

«19» 06 2026 ж.

Баға	Бағалау деңгейі	Критерийлері
«5»	Өте жақсы	- Шығарманы жоғары кәсіби деңгейде орындайды; - Орындаушылық техникасы еркін және сенімді; - Музыкалық образды терең әрі мазмұнды ашады; - Ұлттық орындаушылық мәнерін толық сақтайды; - Сахналық мәдениеті жоғары, орындауы көркем әрі әсерлі.
«4»	Жақсы	- Шығарма сенімді әрі сауатты орындалады; - Орындаушылық техникасы талапқа сай; - Музыкалық ой мен динамикалық реңктер дұрыс беріледі; - Ұлттық орындаушылық дәстүрінің ерекшеліктері сақталады; - Сахнада өзін мәдениетті ұстап, тыңдарманмен байланыс орната алады.
«3»	Қанағаттанарлық	- Музыкалық шығарманың негізгі мазмұны сақталғанымен, орындауда кемшіліктер байқалады; - Техникалық элементтер толық игерілмеген; - Ырғақ пен динамиканы орындауда дәлсіздіктер кездеседі; - Шығарманың мазмұны толық ашылмаған; - Орындаушылық шеберлігі орташа деңгейде; - Сахнада өзін ұстауы сенімсіз.
«2»	Қанағаттанарлықсыз	- Орындауда мәтіндік және техникалық қателер көп кездеседі; - Ырғақ пен метр сақталмайды; - Саусақ басу, штрих, қағыс (немесе ысқы жүргізу) техникасы дұрыс қолданылмайды; - Дыбыс сапасы төмен, дыбыс шығару тұрақсыз; - Музыкалық шығарманы толық меңгермеген; - Орындаушының сахнадағы мәдениеті мен шығармашылық дайындығы талапқа сәйкес емес.

Бағалау көрсеткіштері

- Музыкалық шығарманың ноталық мәтінін дәл әрі сауатты орындау;
- Орындаушылық техникасының деңгейі (саусақ басу, қағыс\ысқы, штрихтарды дұрыс қолдану);
- Ырғақ, метр және екпіннің сақталуы;

4. Дыбыс сапасы мен дыбыс шығару техникасы;
5. Музыкалық шығарманың көркемдік мазмұны мен образын аша білуі;
6. Ұлттық орындаушылық дәстүрі мен стильдік ерекшеліктерін сақтауы;
7. Бағдарлама талаптарына сәйкес шығармаларды толық және сапалы орындауы;
8. Сахналық мәдениеті және орындаушылық шеберлігі (сахнада өзін ұстауы, тыңдарманмен байланысы, орындаушылық еркіндігі).

«Халық әні және аспаптар» ПЦК төрағасы



Т.Қ.Әбуғазы